



www.writerhouse.kz

JULDYZ

ЖҰЛДЫЗ

5
МАМЫР
2020

ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ
ӘДЕБИ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖУРНАЛЫ

1922 жылдан шыға басталды

Құрылтайшы – Қазақстан Жазушылар одағы

Редакторлар кеңесінің төрағасы –
Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ

МАЗМҰНЫ

Абай – 175

АБАЙ

| | |
|-------------------------------------|---|
| ЖАЗҒЫТҰРЫ. <i>Өлең</i> | 3 |
| ФАКЛИЯ. ЖЕТІНШІ, СЕГІЗІНШІ СӨЗ..... | 4 |

Абай өлеңі

Тұрсын ЖҰРТБАЙ

| | |
|---|---|
| «БІЛМЕЙ МҰНЫ ЖАЗҒАН ЖОҚ...» <i>Соңы</i> | 6 |
|---|---|

Поэзия. Түрлері

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ

| | |
|---------------------------------------|----|
| ? (СҰРАҚ БЕЛГІСІ). <i>Поэма</i> | 45 |
|---------------------------------------|----|

Смағұл ЕЛУБАЙ

| | |
|---|----|
| БАЛАЛЫҚ ШАҚ БАЯНЫ. <i>Әңгімелер</i> | 62 |
|---|----|

Сұраған РАХМЕТҰЛЫ

| | |
|-------------------------------------|----|
| АҚ ӨЛЕҢ – АЛТАЙДЫҢ АЛА КҮРТІГІ..... | 97 |
|-------------------------------------|----|

Азат ӘКІМ

| | |
|--|-----|
| ЕСТЕН КЕТПЕС БАЛАЛЫҚ. <i>Хикаят</i>7777..... | 100 |
|--|-----|

Төлеужан ҒҰМАРОВ

| | |
|--|-----|
| АРМАНЫ ЖЫРҒА АЙНАЛЫП. <i>Өлеңдер</i> | 117 |
|--|-----|

Нұрсұлу
ӘЛҚОЖАЕВА



ОТБАСЫЛЫҚ ЖӘНЕ ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

Айтылып отырған екі мәселе бір бірімен аса байланысты. Гендер мәселесінде біз ер мен әйелдің қалыптасуын қарастырамыз: ол олардың қоғамдағы, отбасындағы рөлі.

Ерлер, әйелдер мәселесі — бұл қоғамдағы ер мен әйелдің жағдайына көңіл қою, қоғам өмірінің барлық саласында әйел мен ерлердің теңдігіне қол жеткізу, ұлттық және ұлтаралық мәселелерді шешу, саяси, әлеуметтік қайшылықтар мен шиеленістердің алдын алу.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан әйелдері еліміздің болашағы» атты республикалық форумда сөйлеген сөзінде: «Бүгінгі қоғамда қыз бала, әйел аяның рөлі күннен күнге артуда: *біріншіден*, әйелдердің қоғамда, отбасында орны ерекше, әлеуметтік-экономикалық қатынас жүйесінде халықаралық құқықтары, міндеттері, мүдделері айқындалған тұлға. *Екіншіден*, саяси күштің объектісі, қозғаушы күші. *Үшіншіден*, жалпы қоғамда, өндірісте, басқару мекемелерінде, отбасында ерекше нақтыланған орны бар» деп атап өтті.

Сонымен қатар, еліміздегі саяси үдерістерге әйел қауымының қатысуын жандандыра түсу, олардың экономикалық істерге араласуын қолдау, отбасын, соның ішінде аналар мен балаларды қорғау қажеттігі жөнінде мазмұнды баяндама жасай отырып: «Әйелдер жағдайы кез-келген мемлекеттегі демократияның барометрі, ондағы адам құқықтарын құрметтеудің көрсеткіші. Сондықтан да біз үшін бұл тұрғыдан жинақталған әлемдік тәжірибенің бағасы зор, жоғарыда келтірген міндеттерді шешуді біз осы тәжірибе аясында жүргізетін боламыз» — деген пікірін білдірді Елбасы Н.Ә. Назарбаев.

Демек, мындаған жылдық тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы бар қазақ халқының гендерлік тәрбие туралы педагогикалық ойларын жинақтаудың бүгінгі таңда маңызы ерекше.

Бұл мәселе XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басындағы ойшылдар әйелдер қозғалысы